

А.С. Шеримова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail: sherimova.aliya@mail.ru)

Болашақ педагогтардың зерттеу дағдыларын дамыту ерекшеліктері

Аңдатпа. Ел президенті Қ.Ж.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз. Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз» деп атап көрсетуі, елімізде болашақ педагогтарға қаншалықты көңіл бөлініп, болашақ педагогтың маман ретіндегі әлеуеті мен беделінің өсуін көрсетеді [1]. Олай болса, болашақ педагогтардың маман ретінде жан-жақты дамуы, оның ішінде олардың зерттеу дағдыларының дамуы бүгінгі күннің өзекті мәселерінің бірден-бірі. Ұсынылған жұмыстың мақсаты, болашақ педагогтардың зерттеу дағдыларын дамыту ерекшеліктерін теориялық тұрғыда талдау, болашақ педагог-студенттердің зерттеу жайлы білімдерінің деңгейін сауалнама арқылы айқындау және олардың зерттеу дағдыларын дамыту бойынша зерттеу жұмысын өткізіп, нәтижелерін талқылап, ұсыныстар беру.

Түйін сөздер: болашақ педагог, зерттеу дағдысын қалыптастыру, оқытушы, әдіс-тәсіл, сыни ойлау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-272-284>

Кіріспе

Болашақ педагог мамандығының қыр-сыры оқытумен ғана байланысты емес, бұл күрделі, пәндік біліммен қатар біліктілікті, әдіс пен шығармашылықты, үнемі ізденісті талап ететін, оқу мен зерттеуді талап ететін мамандық. Олай болса, болашақ педагогтың алдымен зерттеу дағдыларын дамыту өзекті мәселенің бірі болып табылады. «Педагогикалық мамандықты қалап, оқуға түскендердің орташа балы күрт өсті. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Педагог шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс» [1]. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек болашақта сұранысқа ие болатын бес мамандықтың бірі ретінде педагог мамандығын атауы да тегін емес [2]. Өйткені, қоғамның жаңа сатыға көтерілуі, ғылыми-әлеуметтік, саяси-экономикалық дамуы жоғары сапалы оқушы мен оларды оқытып, тәрбиелейтін жоғары білікті педагогтарды қажет етеді. Ал педагог жоғары білікті маман болуы үшін, оның зерттеу дағдысы қалыптасуы қажет екендігі сөзсіз. Өйткені педагог, ұстаз, мұғалім шығармашылық және ізденіс маманы, үнемі ізденіс үстінде болуы шарт. Қазіргі кезеңде Қазақстанның білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер болып жатқандығы белгілі. Мектеп мұғалімі «педагог», «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаттарында қызмет атқарады [әділет]. Педагог зерттеуші дегеніміз мұғалімнің қызметінің ғылыми-педагогикалық зерттеу сипатын таситын педагогикалық шеберлігінің жоғары деңгейі [3]. Сонымен қатар, мұғалімдерді аттестаттау барысында «эссе жазу» [3] талап етіледі. Эссе жазу үшін де ғылыми дағды қажет. Сондықтан болашақ педагогтың зерттеу дағдыларын жоғары

оқу орнында қалыптастыру шешімін таппаған мәселелердің бірі. Болашақ педагогтардың зерттеу дағдыларын дамыту мәселелері ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал ету жолдары кеңінен талқыланады. Рейс-Джордж Дж.М. өз зерттеуінде болашақ педагогтарға зерттеу процесін сипаттаудың балама тәсілін 12 ұсынады, яғни мұғалімдерді зерттеуге тартуға арналған дескрипторлар берген [4, б.231], болашақ мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен кәсіби дамуына ықпал ету жолдары Гирдник Г., Боей Ф. т.б. авторлардың еңбектерінде талқыланады [5, б.972.]. Мұғалімдердің үздіксіз дамуын басқару моделін Шерля, Гултом С. т.б. қарастырған [6, б.198].

Болашақ педагогтардың сыни ойлау қабілетін, нейропедагогикалық жағдайларын дамыту, болашақ мұғалімнің кәсіби субъективтілігін арттыру мәселелері Макарова Л.Н., Журат Ю, Карасиевич С. т.б. мақалаларында қарастырылған [7, б.18], [8, б.69.], [9, б.546]. Болашақ мұғалімнің зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін ғылыми жобалар әрекеттерін модельдеу әдісі Родригес-Мартин М., Вергара Д. мақаласында [10, б.11], эксперименттік мәдениет, жобалық ойлау тәсілі, цифрлық ойлау дағдылары Андрутсос А., Бриния В. жұмыстарында [11, б.10] талданса, Брача А. мен Шломит Б. бағалау, бірлесе бағалауды жүзеге асыруға қатысты процестер мен қиындықтарды зерттеген [12, б.241]. Студенттердің зерттеуге қатысуының себептері, зерттеу құрылымын анықтауы, зерттеу өлшемдері және аналитикалық әдістерге қатысты кейбір мәселелер мен қиындықтарды Фредрикс Дж.А., Филсекер М., Лоусон М.А. қарастырған [13, б.37]. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, зерттеу дағдылары болашақ педагогтың қызметіндегі ажырамас қабілет ретінде қарастырылады, өйткені жаңа білім, жаңа әдісті игеру үшін аса қажет дағды болып есептеледі. Дегенмен, елімізде болашақ педагогтарға білім беру барысында (ұсынылған жұмыста бакалавр деңгейіндегі білім алушыларды қарастырамыз) зерттеу дағдылары қажетті деңгейде оқытылмайды. Зерттеу методологиясы, зерттеу технологиялары, бағалау сияқты зерттеудің алғашқы қадамдары немесе теориялық тұрғыда да таныс емес екендіктері анықталды. Олай болса, ұсынылған жұмыстың мақсаты алдымен болашақ педагогтардың зерттеу дағдыларын дамыту мәселесі бойынша ғылыми әдебиет көздеріне сүйене отырып, ғылыми-теориялық, ғылыми педагогикалық талдау жасап, болашақ педагог-студенттердің зерттеу жайлы білімдерінің деңгейін сауалнама арқылы айқындау және олардың зерттеу дағдыларын дамыту бойынша әзірлемені сынақтан өткізіп, нәтижелерін талдап, ұсыныстар беру. Сонымен, зерттеу барысында төмендегі сұраққа жауап алу мақсатталды: Болашақ педагогтардың зерттеу дағдылары қаншалықты күзіретті, қаншалықты қалыптасқан?

Әдеби шолу

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында ЖБП циклінің міндетті пәндерін оқып бітіргеннен кейін білім алушы нақты ғылымды зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдерін қолданады; іс-әрекеттерді бағалайды, синтездейді; зерттеу нәтижелерін қорытындылайды т.б. көптеген қабілеттіліктер мен күзіреттіліктер көрсетілген [14]. Ұсынылған стандартқа сәйкес, міндетті пәндерді игерген студенттің белгілі бір зерттеу және сыни дағдылары қалыптасуы қажет. Алайда, жоғары оқу орындарында оқитын болашақ маманның зерттеу дағдылары қаншалықты қалыптасады және жүзеге асады, оқытылатын міндетті пәндер мен зерттеу дағдыларының арасында қандай байланыс бар екендігін анықтауға тырыстық.

Алдымен зерттеу дегеніміз не екендігін анықтап алсақ, зерттеу дегеніміз белгілі бір мәселені анықтап, ғылыми әдістер (сипаттау, түсіндіру, болжау т.б.) арқылы сол мәселені шешу болып табылады [15].

Зерттеу дағдыларына келетін болсақ, Бирт Дж. пікіріне сүйенсек, зерттеу дағдылары қойылған мәселені шешу үшін қажетті шеберліктер мен біліктіліктер. Тақырыпқа қатысты ақпаратты жинау, ол ақпаратты саралап, талдау және оның ішінен тек қажетті

ақпаратты ала білумен қатар, оны ғылыми түрде жеткізе білу де зерттеу дағдыларына жатады. Сонымен қатар, жасалған еңбек зерттеушімен қатар, оқушыға да пайдалы болуы шарт [16]. Яғни, зерттеу дағдылары келелі мәселелерге жауап беруге, мәселені шешуге көмектесетін дағдылар жиынтығын: ақпаратты іздеу, табу, жинау, сұрыптау, бағалаумен қатар, ақпаратты ұйымдастыра білуді де қамтиды.

Жоғары оқу орындарында бакалавр деңгейінде оқитын студент, мамандығына сәйкес білімді игерумен қатар, зерттеу дағдыларын қалай меңгереді деген заңды сұрақ туындайды. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, студенттердің зерттеу дағдыларының төмен болу себебі, олардың жалпы даярлықтан өтпеуі екен. Жоғарыда аталған зерттеу дағдыларының барлығын игермесе де, алғашқы зерттеу дағдыларын (ақпаратты іздеу, ақпарат көздерін табу орындары, әдістемелік дағдылар, ақпаратты саралау т.б.) игеру өте маңызды [17, 628б.]

Стоккинг К., Шааф М., Джасперс Дж. т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде, студенттің зерттеу дағдыларын дамытудың бірден-бір көзі студентке дұрыс тапсырма беру және оны дұрыс бағалау тиімді нәтиже береді деп есептейді. Студенттің күрделі зерттеу дағдыларын дамыту үшін, оқытудың жаңа жолдары мен оқытуға жаңа көзқарастар қалыптастыру және оқытушының бағалау тәжірибесін пысықтау қажет [18, 112б.]. Келесі ғалымдар (Иылмаз Е., Сахи М., Тургут М.) да студенттің зерттеу қабілетін арттыру оқытушының аудиторияны ұстай білу шеберлігіне байланысты деп есептейді. Аудиторияда тиімді жұмыс жасау және студенттің назарын аудару білу студенттің тәуелсіз, өздігінен оқу қабілетін, оқу өнімділігін және қол жеткізу қабілетін арттырады деген. Сонымен қатар, авторлар ең маңызды мақсат ретінде оқу-үйрету үрдісі кедергісіз, қолайлы ортада ұйымдастырылуы қажет деп атаған [19]. Студенттің зерттеу қабілеті, оқытушының аудиторияда «үстем» болып, жұмыс ұйымдастыруы мен қатал қадағалап, тексеруінен қалыптаспайды. Студентке академиялық еркіндік беру, өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беру, сендіру тетіктерін ұтымды пайдалану оң нәтиже береді [20, 132б.]. Аталған мәселенің барлығы студент болып отырған болашақ педагогтың болашақ мамандығына студент ретінде де, болашақ мұғалім, педагог ретінде де, қай жағынан алып қарасақ та қатысты. Яғни, зерттеу дағдысының қалыптасуы жағынан да, аудиториядағы оқытушының бағалау тәжірибесі, аудиторияны мотивациялау, аудиторияда «үстемдік» жүргізу т.б. әрекеттер де болашақ педагогқа үлгі болады.

Студенттің зерттеу дағдысының дұрыс қалыптасуы оның сыни ойлау қабілетінің деңгейіне тікелей қатысты. Сыни ойлау студенттің «мәселені тауып және оның шешімін табуға» көмектеседі [21, 49б.]. Авторлар аргументациялау, яғни дәлелдеу және ғылыми дағдылар студенттің сыни ойлау қабілетін дамытатындығын дәлелдеген [22, 2129б.]. Болашақ педагогтың іздеу-зерттеу дағдысын қалыптастыруға ықпал ететін оқыту әрекеттерінің бірі жобалау-зерттеу қызметі. Бұл болашақ педагог-студенттің теориялық және сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға көмектеседі [23, 167 б.].

Сонымен қатар, болашақ педагог жоғары оқу орындарында ұйымдастырылатын семинар, конференцияларға қатыспас бұрын, алғашқы зерттеу дағдыларын игеруі қажет. Мысалы, авторлар зерттеу жұмысын бастау үшін төмендегідей қадамдарды ұсынады: 1) мәселені қою, мақсат-міндеттерін айқындау, кітапхана немесе интернеттен әдебиет көздерімен кеңейтілген жұмыс жасау, зерттеу; 2) ой-пікір тудыру (миға шабуыл, кластерлеу), талдау; 3) негізгі ойды жүйелеу, маңыздылығын айқындау, салыстыру, қорыту, тірек сөздер мен идеяларды табу; 4) сыни талдау [24, 40б.]. Бұл дағдылар белгілі бір пән аясында ғана емес, әрбір жалпы білім беру немесе міндетті пән аясында қалыптастырылуы қажет. Пән жүргізуші оқытушының да аталған дағдылардан хабары болуы керек, өйткені кез-келген пән аясында оқытушы студентке талдау, жобалау, зерттеу, кейс, миға шабуыл, қорыту т.б. тапсырмаларын беретіні сөзсіз.

Зерттеудің методологиясы мен әдістері

Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге теориялық және әдіснамалық талдау жасалды. Студенттер арасында зерттеу жайлы білімдерінің деңгейі

сауалнама арқылы айқындалып, олардың зерттеу дағдыларын дамыту бойынша әзірleme сынақтан өткізіліп, нәтижесі тестілеу арқылы тексерілді. Эксперимент үш деңгейден тұрды:

Бірінші кезең мақсаты студенттердің зерттеу дағдыларының деңгейін анықтау болды.

Екінші кезеңде студенттердің зерттеу дағдыларын дамыту бойынша құрылымдық-полифункционалды үлгі оқу үдерісіне енгізілді.

Үшінші кезеңде эксперименттен кейінгі студенттердің зерттеу дағдыларының деңгейі салыстырылды. Болашақ педагогтардың зерттеу дағдыларының деңгейін айқындау үшін арнайы тест пен бағалау өлшемдері құрастырылды.

Зерттеуге Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің педагогикалық мамандықтарының бакалавр деңгейінің 4-курс студенттері қатысты. Эксперименттік және бақылау топтары зерттеу барысында кездейсоқ таңдалды. Бақылау және эксперименттік топтардағы студенттердің жасы 19-20.

Зерттеуді ұйымдастыру

Зерттеу жұмысының алғашқы кезеңінде алдымен болашақ педагогтардың (эксперименттік және бақылау топтары) зерттеу жұмысына жалпы көзқарастары мен мотивациясын айқындауды мақсат еттік. Ол үшін зерттеудің сауалнама әдісі қолданылды. Сауалнамаға 10 сұрақ берілді және студенттер оларды Ликерт шкаласы бойынша бағалады (толық келісемін - 5 бал; келісемін - 4 бал; жартылай келісемін - 3 бал; біраз келіспеймін - 2 бал; толық келіспеймін - 1 бал). Мендро М. пікірі бойынша, мотивация оқу үдерісіндегі ең қозғаушы күш, тетік болып табылады. Студенттің университет қабырғасындағы білімге, зерттеуге мотивациясын және қызығушылығын біржақты бағалауға болмайды. Ол үшін оқытушы-қолдау-конструктивті кері байланыс болу керек деп есептейді [25, б.3317]. Сондықтан сауалнамада болашақ педагогтың зерттеу дағдыларының қалыптасу қаншалықты маңызды екендігін айқындауға қадам жасалды. Сауалнамаға алдымен студент жайлы жеке ақпаратпен қоса, студенттің зерттеу жұмысын қаншалықты түсінетіндігі; зерттеу жұмысына көзқарасы; болашақ педагог пен зерттеу дағдыларының арасында қаншалықты байланыс бар, қажет пе, мақала жаздыңыз ба, оқу орнында зерттеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған пән жүре ме деген сияқты сұрақтар енгізілді. Сауалнама нәтижесін қорытындылау үшін болашақ педагогтардың зерттеу жұмысына жалпы мотивациясын келесі деңгейлермен бағаладық (Кесте 1).

Кесте 1

Болашақ педагогтардың зерттеу жұмысына мотивациясын бағалау

Деңгей	Сипаттамасы	Көрсеткіштері
Жоғары	Зерттеу жұмысына мотивациясы жоғары деңгейде	85-100%
Қалыпты	Зерттеу жұмысына мотивациясы орташа деңгейде	45-84%
Төмен	Зерттеу жұмысына мотивациясы өте төмен	1-44%

Сонымен қатар, аталған кезеңде және соңғы кезеңде, эксперименттік және бақылау топтарына олардың зерттеу дағдыларын айқындауға және тексеруге арналған тест тапсырмасы берілді. Тест тапсырмасы зерттеу жұмысының құрылымы, ақпараттық ресурстар туралы, дерекқорды іздей білу, плагиат туралы түсінік, ақпаратты бағалау, талдай білу сияқты т.б. сұрақтарды қамтыды. Тест тапсырмасы 30 сұрақтан тұрды.

Келесі кезеңде болашақ педагогтың зерттеу дағдысын қалыптастыруға арналған құрылымдық-полифункционалды үлгі ұсынылды (Кесте 2). Құрылымдық-полифункционалды үлгі мазмұны болашақ педагогтың зерттеу дағдысын дамытуға ықпал ететін теориялық тақырыптармен қоса, студенттің ақпаратты жинау, саралау, талдау, қажетті ақпаратты таба білу, әдістемелік дағдыларын және сыни ойлау қабілетін дамытатын оқыту әрекеттері мен жобалау-зерттеу тапсырмалары және оқытушының студенттің еркін, өзін-өзі басқаруына мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдерін қамтыды. Бұл болашақ педагог-студенттің теориялық және сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға көмектеседі.

Кесте 2

Болашақ педагогтың зерттеу дағдысын қалыптастыруға арналған құрылымдық-полифункционалды үлгі

Зерттеу дағдылары	Түсіндірме
Жұмыстың құрылымын анықтай білу	Абстракт, кіріспе, әдеби шолу, методология, талдау бөлімдері туралы ақпаратты игеру.
Плагиат туралы түсінік қалыптастыру, сілтемемен жұмыс істей білу дағдылары	Плагиат түрлерімен таныстыру (өздік плагиат, техникалық плагиат), плагиатты болдырмаудың жолдарын меңгеру (цитата, перифраз, саммари жасау); плагиатты анықтай білуге үйрету.
Әдебиет көздерін таба білу дағдысы	Мәліметтер базасымен жұмыс істей білу (Скопус, Эльзевир т.б); кітапханада ақпарат іздей білу.
Сыни ойлау дағдысы	Ақпаратты бағалау, салыстыру, талдау, негізгі идеяны таба білу туралы ақпаратты меңгеру.
Зерттеуге қатысты дағдылар	Тақырыпты анықтай білу, қолданылған әдебиет көздерін рәсімдеу, диаграмма түрлері, маңызы

Сонымен қатар, болашақ педагогтың зерттеу дағдысын қалыптастыруға арналған құрылымдық-полифункционалды үлгіге сәйкес, бағалау өлшемдері құрастырылды.

Үшінші кезеңде болашақ педагогтардың зерттеу дағдыларының қалыптасу деңгейі тест арқылы тексеріліп, эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Экспериментке дейін және кейін төмендегідей нәтижелер алынды. Болашақ педагогтардың (эксперименттік және бақылау топтары) зерттеу жұмысына жалпы көзқарастары мен мотивациясы келесі кестеде (Кесте 3) берілді. Кестеде экспериментке дейінгі ақпарат ұсынылған.

Кесте 3

Эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтары студенттерінің зерттеу жұмысына мотивациясы (экспериментке дейін)

Топтар	Деңгейлер			Көрсеткіштері (Сандық, %)
	Төмен	Қалыпты	Жоғары	
ЭТ	14 (46.6)	15 (50)	1(3.3)	30 (100)
БТ	12 (40)	17 (56.7)	1(3.3)	30 (100)

Болашақ педагог-студенттің зерттеу құзіреттілігін арттыру үшін келесі әдістемелік нұсқаулықтар қолданылды: а) студенттің танымдық құзіреттілігін арттыруға бағытталған теориялық-тәжірибелік компоненттермен қамтамасыз ету; ә) студенттің өз мамандығына қатысты ғылыми-кәсіби қағидалар мен тұжырымдамалар туралы жалпы ақпаратты игеру; б) студенттің зерттеу жұмысына қатысты шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыру тетіктері; в) студенттің зерттеу қабілетін арттыруға ықпал ететін жеке қызығушылығы мен мотивациясын дамыту компоненттері; г) студенттің зерттеу қабілетін белсендіруге бағытталған коммуникативтік- инновациялық тетіктер; д) студенттің зерттеу дағдыларын пысықтауға бағытталған тәжірибелік-интерактивті жұмыс түрлері.

Төменде эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтары студенттерінің зерттеу туралы теориялық білімінің (экспериментке дейінгі және кейінгі) нәтижесін ұсынамыз.

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, эксперименттік топ студенттері бақылау тобына қарағанда барлық көрсеткіштер бойынша әлдеқайда жоғары нәтиже көрсетті. Барлық көрсеткіштердің орташа балымен қарайтын болсақ, эксперименттік топ студенттерінің эксперимент басында зерттеу дағдыларының орташа көрсеткіші 59%, бақылау тобында 60% болса, эксперимент соңында эксперименттік топ нәтижесі 70%, бақылау тобы 65,3% нәтиже көрсетті. Нәтижелердің өзгеру динамикасы келесі сызбада көрсетілген (Сурет 1).

Кесте 4

Эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтары студенттерінің зерттеу туралы теориялық білімінің (экспериментке дейінгі және кейінгі) нәтижесі


	Эксперименттік топ			Бақылау тобы		
	Дұрыс жауап саны	%	Студенттердің саны	Дұрыс жауап саны	%	Студенттердің саны
Басында	549	61,0	30	540	60,0	30
Соңында	727	80,78	30	635	70,5	30
Жалпы нәтиже		19,8	30		10,5	30

Келесі кестеде студенттердің экспериментке дейінгі зерттеу дағдылары және эксперименттен кейінгі зерттеу дағдыларының қалыптасу динамикасы берілген.

Студенттердің экспериментке дейінгі зерттеу дағдылары және эксперименттен кейінгі зерттеу дағдыларының қалыптасу динамикасы (ЭТ,БТ)

Дағдылар	Деңгейлер (көрсеткіштері, сандық, %)						
	Эксперименттік топ				Бақылау тобы		
	Төмен	Орташа	Жоғары	Төмен	Орташа	Жоғары	
Кәсіптік бағытта зерттеу құзіреті	басы	14 (46,6)	15 (50,0)	1 (3,33)	11 (36,6)	18 (60,0)	1 (3,33)
	соңы	5 (16,6)	21 (73,3)	4 (13,3)	9 (30,0)	20 (66,6)	1 (3,33)
Жұмыстың құрылымын анықтай білу	басы	13 (43,3)	15 (50,0)	2 (6,67)	12 (40,0)	17 (56,6)	1 (3,33)
	соңы	4 (13,3)	24 (80,0)	6 (20,0)	10 (33,3)	17 (56,6)	3 (10,0)
Әдебиет көздерін таба білу дағдысы	басы	16 (53,3)	12 (40,0)	2 (6,67)	18 (60,0)	11(36,6)	1 (3,33)
	соңы	9 (30,0)	17 (56,6)	4 (13,3)	11 (36,6)	17 (56,6)	2 (6,67)
Сыни ойлау дағдысы	басы	18 (60,0)	11 (36,6)	1 (3,33)	21 (70)	9 (30,0)	-
	соңы	6 (20,0)	23 (38,3)	2 (6,67)	9 (30,0)	17 (56,6)	4 (13,3)
Сілтемемен жұмыс істей білу, қолданылған әдебиет көздерін рәсімдеу дағдылары	басы	11 (36,6)	15 (50,0)	4 (13,3)	16 (53,3)	13 (43,3)	1 (46,6)
	соңы	3 (10,0)	21 (73,3)	6 (20)	8 (26,6)	20 (66,6)	2 (6,67)
Тақырыпты анықтай білу дағдылары	басы	14 (46,6)	14 (46,6)	2 (6,67)	13 (43,3)	15 (50,0)	2 (6,67)
	соңы	5 (16,6)	20 (66,6)	6 (20)	8 (26,6)	17 (56,6)	5 (16,6)
Басы		86	83	11	91	83	6
Басы		Орташа бал- 59%			Орташа бал- 60%		
Соңы		43	138	28	59	120	17
Соңы		Орташа бал - 70%			Орташа бал - 65,3%		

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, эксперименттік топ студенттері бақылау тобына қарағанда барлық көрсеткіштер бойынша әлдеқайда жоғары нәтиже көрсетті. Барлық көрсеткіштердің орташа балымен қарайтын болсақ, эксперименттік топ студенттерінің эксперимент басында зерттеу дағдыларының орташа көрсеткіші 59%, бақылау тобында 60% болса, эксперимент соңында эксперименттік топ нәтижесі 70%, бақылау тобы 65,3% нәтиже көрсетті. Нәтижелердің өзгеру динамикасы келесі сызбада көрсетілген (Сурет 1).



Сурет 1. Нәтижелердің өзгеру динамикасы (ЭТ, БТ)

Сонымен қатар, студенттердің (ЭТ) және (БТ) эксперименттен кейінгі зерттеу жұмысына мотивациясының өзгергендігін байқадық. Эксперименттік жұмыс нәтижесінде, эксперименттік топтың студенттерінің зерттеуге қызығушылығының әлдеқайда даму динамикасы байқалды: эксперименттік топ студенттерінің зерттеу жұмысына қызығушылығы орташа 33,3%-дан 65,5 %-ға көтерілді. Бақылау тобының нәтижесі 32,2%-дан 56,7%-ға өскен.

Талқылаулар мен ұсыныстар

Еліміздегі жоғары оқу орындарының жоспары мен даму стратегияларын зерделесек, барлық университет сайттарында студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы, студенттің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру ережелері, студенттердің республикалық, халықаралық конференциялары, студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстардың конкурсы сияқты ақпараттарды табуға болады. Яғни, студенттің зерттеу дағдысын қалай қалыптастыру жолдары емес, негізінен ол дағдылары қалыптасқан студенттің нәтижелері жоспарланады (бағдарламаларды әзірлеуге және оларға сараптамалар өткізуге қатысу, ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру, конференциялар, конкурстар т.б.). Мысалы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің стратегиялық басым бағыттарының бірі «студенттерді ғылыми-зерттеуге және оқу-танымдық әрекетке баулу [26, 2б.] (қалай баулу керек, жолдары көрсетілмеген)» болса, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде студенттің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың мақсаты ретінде «зерттеудің жаңа әдіснамалық және құзыреттілік тәсілдерін жетілдіру және дамыту; студенттердің ғылыми зерттеулерін дамытудың стратегиялық жоспарын жүзеге асыруда мүмкіндік беретін нәтижелерге қол жеткізу» деп атаған. Ал осы мақсаттарға қол жеткізу үшін «оқу үрдісінде студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және жоспарлау; ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу арқылы студенттердің білім беру материалдарын тереңірек және шығармашылық дамуына ынталандыру» [27] міндеттері қойылған. Алайда, жоғары оқу орындарының жоспарлары мен мақсат-міндеттерінде студенттің ғылыми-зерттеу дағдысын тиімді қалыптастыру үшін нақты оқу үдерісінде қандай педагогикалық-әдістемелік әрекеттер жоспарланды? Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Жастар» ғылыми-

зерттеу орталығы арнайы Ереже негізінде әрекет жасайтын бөлімше екендігі айтылған. Бөлімшенің басты бағыттары ретінде, «жастар арасында әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-саяси зерттеулер өткізу; ғылыми-зерттеу жобаларын және бағдарламаларын әзірлеуге және оларға сараптамалар өткізуге қатысу; сараптық бағалау және дамуын болжау» деп көрсетілген [28].

Еліміздің жоғары оқу орындарында студенттер зерттеу жұмысымен жеткілікті деңгейде айналысады. Ал зерттеу жұмысымен айналысу үшін университет тарапынан қаншалықты көмек болды, теориялық-тәжірибелік қолдау болды ма, оқу үдерісінде студенттердің ақпаратты іздеу, өңдеу, сыни ойлау дағдылары, кәсіптік бағытта зерттеу күзіндетін қалыптастыру үшін нақты қандай қадам жасалды, қандай әдіс-тәсілдер қолданылатындығы білім беру бағдарламасына, оқу бағдарламаларына енгізілген жалпы білім беру пәндерінің мазмұнына енуі мүмкін, бірақ нақты зерттеуге бағытталған пәндер циклін таба алмадық. Сондықтан, болашақ педагогтың зерттеу дағдыларын арттыру үшін кешенді жұмыс жоспарлануы қажет деп есептейміз. Ол үшін білім беру бағдарламасының мазмұнын кешенді өзгертумен қатар, оқытушының білім беру әдіс-тәсілдері, оқу бағдарламасының мазмұнына түбегейлі, жаңа инновациялық, студенттің сыни ойлауына және зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тиімді стратегиялық үлгі жасау қажет деп есептейміз. Университеттің білім беру бағдарламасында, нәтижеден бұрын, сол нәтижелерге қол жеткізудің нақты әрекеттері көрсетілуі қажет. Өткізілген зерттеу барысында, болашақ педагогтың зерттеу дағдыларын оқытушының әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып, зерттеуге қатысты теориялық-практикалық тапсырмалар арқылы қалыптастыруға болатындығына көз жеткіздік. Сонымен, студенттің ғылыми-зерттеу жұмысын жандандыру үшін, алдымен зерттеу теориясымен таныстыратын сабақ өту керек деп ойлаймыз; тапсырма орындау барысында зерттеу элементтеріне басым бағыт беру; студенттің талдау, салыстыру, ақпарат көзімен күзінретті жұмыс істей білуін бағалауға басым көңіл бөлу және олардың өлшемдерін құрастыру; студенттің зерттеу дағдыларын белсендіру (бағалау, көтермелеу, сыйақы ұсыну).

Қорытынды

Зерттеу нәтижесі болашақ педагогтардың зерттеу дағдыларын тиімді қалыптастыру көптеген факторларға байланысты екендігін көрсетті. Болашақ педагогтардың зерттеу дағдыларын арттыру үшін, студенттен бұрын оқытушының да аталған тақырып бойынша жоғары деңгейдегі біліктілігі және әдістемесі болуы қажет екендігі түсінікті. Сонымен қатар, оқытушы материалмен қамтамасыз етумен бірге, мазмұн, бағалау өлшемдері де қажет екендігін ескеру қажет. Болашақ педагогтың зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін арнайы пәнмен қатар, әрбір өткізілетін жалпы білім беру пәні мен міндетті пәнді оқыту барысында жүзеге асуы қажет. Әрбір сабақта орындалатын тапсырмада зерттеу элементтері, сыни ойлау элементтері болады. Сондықтан, тапсырманы жүйелі, тиімді ұйымдастыру оқытушыға байланысты. Тапсырмаларды орындау барысында болашақ педагог-студенттің сипаттау, түсіндіру, болжау, талдау, салыстыру, негізгі ойды таба білу т.б. дағдылары қалыптасады. Студенттің зерттеу дағдыларын қалыптастыруда бағалау үдерісі үлкен мәнге ие. Өйткені бағалау арқылы оқытушы білім алушының қай бағытта дамуына, қандай дағдыны арттыруы қажет екендігіне бағыт-бағдар береді. Болашақ педагогтың зерттеу дағдысын жүйелі қалыптастыру жолдарының бірі, студенттің пәнге қызығушылығы және болашақ педагог ретінде оқытушыдан үлгі алуында. Оқытушы әдіс-тәсілдері, жоғары сапалы білімімен, сабақ жүргізу дағдыларымен де болашақ педагогқа үлгі болатындығын ұмытпағанымыз жөн. Зерттеу нәтижесінде бақылау және эксперименттік топ студенттерінің білім нәтижелері, эксперименттік топтың оқыту үдерісіне нақты әдістемелік нұсқаулықтар мен құрылымдық-полифункционалды үлгіні енгізудің тиімділігін дәлелдеп берді. Зерттеу барысында теориялық біліммен қатар, оқытушының әдіс-тәсілдеріне де мән берілді.

Әдебиеттер тізімі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі». [Электронды ресурc]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (қаралған күні: 26.11.2022).

2. Саясат Нұрбек болашақта сұранысқа ие болатын бес мамандықты атады. [Электронды ресурc]. – URL: <https://kaz.elorda.info/aleumet/26195-saiasat-nurbek-bolashakta-suranyaska-ie-bolatyntyn-bes-mamandykty-atady/> (қаралған күні: 23.11.2022).

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін ... аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы. - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.11.2021.- № 561 бұйрығы. [Электронды ресурc]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317> (қаралған күні: 26.11.2022).

4. Reis-Jorge J.M. Developing teachers' knowledge and skills as researchers: a conceptual framework // *Asia-Pacific Journal of Teacher Education*. – 2005. – Vol. 33, Iss. 3. – P. 227-230.

5. Geerdink G., Boei F., Willemse M., Kools Q. et.al. Fostering teacher educators' professional development in research and in supervising student teachers' research // *Teachers and Teaching: theory and practice*. – 2016. – Vol. 22, Iss. 8. – P. 965-982.

6. Sherlya Gultom S., Daryanto E., Nasrunb. Management of Continuous Professional Development through Competency-Based Training Model for Junior High School Teachers // *Emerging Science Journal*. – 2022. – Vol. 7, Iss. 1. – P. 190-206.

7. Макарова Л.Н. Критическое мышление преподавателя и студента: нейропедагогические условия развития // *Альманах теоретических и прикладных исследований рекламы*. – 2015. – №1. – С. 8-26.

8. Zhurat Y., Lipshyts L., Soter M., Chumak L., Tarasenko H., Valchuk-Orkusha O., Melnyk I. Developing Professional Subjectivity in Future Primary School Teachers in the Context of a Neuropedagogical Approach // *Broad Research in Artificial Intelligence and Neuroscience*. – 2020. – Vol. 11, Iss. 2. – P. 64-81.

9. Karasievych S., Maksymchuk B., Kuzmenko V., Slyusarenko N., Romanyshyna O., Syvokhop E., Kolomiitseva O., Romanishyna L., Marionda I., Vykhreshch V., Oliinyk M., Kovalchuk A., Halaidiuk M., Maksymchuk I. Training Future Physical Education Teachers for Physical and Sports Activities: Neuropedagogical Approach // *Brain. Broad Research in Artificial Intelligence and Neuroscience*. – 2021. – Vol. 12, Iss. 4. – P. 543-564.

10. Rodríguez-Martín M., Vergara D., Rodríguez-González P. Simulation of a real call for research projects as activity to acquire research skills: Perception analysis of teacher candidates // *Sustainability (Switzerland)*. – 2020. – Vol. 12, Iss.18. – P. 1-17.

11. Androustos A., Brinia V. Developing and piloting a pedagogy for teaching innovation, collaboration, and co-creation in secondary education based on design thinking, digital transformation, and entrepreneurship // *Education Sciences*. – 2019. – Vol. 9, Iss. 2. – P. 1-11.

12. Bracha A., Shlomit B. Collaborative evaluation research: a case study of teachers' and academic researchers' teamwork in a secondary school // *Studies in Educational Evaluation*. – 2007. – Vol. 33, Iss. 3-4. – P. 229-257.

13. Fredricks J.A., Filsecker M., Lawson M.A. Student engagement, Context, And adjustment: Addressing definitional, Measurement, And methodological issues // *Learning and Instruction*. – 2016. – Vol. 43. – P. 1-41.

14. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. [Электронды ресурc]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (қаралған күні: 03.12.2022).

15. The Best Research Skills For Success. [Электронды ресурc]. – URL: <https://www.zippia.com/advice/research-skills/> (қаралған күні: 18.12.2022).

16. Birt J. What Are Research Skills? Definition, Examples and Tips. [Электронды ресурc]. – URL: <https://www.indeed.com/career-advice/career-development/research-skills> (қаралған күні: 28.12.2022).

17. Subahan T.M. et al. Measuring Graduate Students Research Skills/Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2012. – Vol. 60. – P. 626-629.

18. Stokking K., Schaaf M., Jaspers J., Erkens G. Teachers' assessment of students' research skills // *British Educational Research Journal*. – 2004. – Vol. 30, Iss. 1. – P. 93-116.

19. Yilmaz E., Şahi M., Turgut M. Variables Affecting Student Motivation Based on Academic Publications Journal of Education and Practice. – 2017. – Vol. 8, No.12. – P. 112-120.
20. Bandura A. Perceived self-efficacy in cognitive development and functioning. Educational Psychologist. – 1993. – Vol. 28. – P. 117-148.
21. Molouda M. Gholam-Rezab A., Masooda S. Adaptation and validation of a critical thinking scale to measure the 3D critical thinking ability of EFL readers // Language Testing in Asia. – 2022. – Vol. 12, Iss. 1. – P. 48-61.
22. Finaa F., Anib R., Sunyoto E.N., Sigitb S. et. al. The scientific argumentative skill analysis reviewed from the science literacy aspect of pre-service teacher // International Journal of Evaluation and Research in Education. – 2022. - Vol. 11, Iss. 4. – P. 2129-2139.
23. Исаева З.И. Формирование исследовательской компетентности будущего учителя математики // Мир науки, культуры, образования. – 2020. – №1(80). – С. 167-169.
24. Heard J., Tucker T. Advanced Writing. Accelerated method for university students. – Seoul National University, 2013. – 135 p.
25. Mehndroo M., Vandana Impact of motivation on academic achievement // Elementary Education Online. – 2020. – Vol. 19, Iss. 4. – P. 3316-3320.
26. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттік ғылыми жұмыстардың республикалық конкурсының I кезеңін ұйымдастыру және өткізу ережесі, ҚРҒЖБМ. [Электронды ресурс]. – URL: <https://korkyt.kz/files/science/NIRS.pdf> (қаралған күні: 09.12.2022).
27. Университеттегі СҒЗЖ ұйымдастыру құрылымы, ҚазҰУ. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.kaznu.kz/kz/19621/page/> (қаралған күні: 20.11.2022).
28. Ғылыми зерттеу институты. [Электронды ресурс]. – URL: <https://enu.kz/gylым/gylymi-zertteu-institutini/nic-molodezh/> (қаралған күні: 12.12.2022).

А.С. Шеримова

Қызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

Развитие исследовательской компетентности будущих учителей в процессе их профессиональной подготовки

Аннотация. Президент К.-Ж. Токаев в своем Послании народу Казахстана отметил: «Нашим важнейшим приоритетом является развитие науки. Перед отраслью образования и науки нашей страны стоят огромные задачи. Это значит, помимо удовлетворения требований времени, мы всегда должны быть на шаг впереди и иметь возможность предлагать новые инновации. Мы будем дальше осуществлять политику в поддержку учителей» [1], и это показывает рост потенциала и репутации будущего учителя как специалиста и насколько большое внимание уделяется будущим учителям в стране. Поэтому всестороннее развитие будущих учителей как специалистов, в том числе развитие у них исследовательских навыков, является сегодня одним из наиболее актуальных вопросов. Цель предлагаемой работы - теоретически проанализировать особенности развития исследовательских умений будущих учителей, определить уровень исследовательских знаний студентов, будущих учителей, путем анкетирования, а также провести анализ развития их исследовательских умений, обсудить результаты и дать рекомендации.

Ключевые слова: будущий учитель, формирование исследовательских умений, учитель, метод, критическое мышление.

A.S. Sherimova

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

Developing future teachers' research competencies in the process of vocational training

Abstract. President K.-J.K. Tokayev declared in his speech to the people of Kazakhstan that «the advancement of research is our most important priority. Our nation's scientific and education sectors have a challenging task ahead of them. This is done in order to remain adaptable, constantly ahead of the curve, and provide fresh inventions. We shall maintain the policy of assisting teachers» demonstrates how much

attention is given to aspiring teachers in the nation as well as the expansion of their potential and standing as experts [1]. Consequently, one of the most urgent concerns at hand today is the full development of future teachers as experts, including the development of their research abilities. The proposed work's objectives are to theoretically analyze the components of the development of future teachers' research skills, to ascertain the extent of future teachers' students' research knowledge through a survey, to conduct research on the development of their research skills, to discuss the findings, and to offer recommendations.

Keywords: future teacher, formation of research skills, teacher, method, critical thinking.

References

1. Memleket basshysy Kasym-Jomart Tokaevtyn Qazaqstan halqyna Zholdauy «Halyq birligi zhane zhuieli reformalar – el orkendeuinin berik negizi» [Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan «People's unity and systematic reforms are a solid foundation of the country's prosperity»]. [Electronic resource]. – Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (Accessed: 26.11.2022). [in Kazakh]
2. Sayasat Nurbek bolashaqta suranysqa ie bolatyn bes mamandyqy atady [Sayasat Nurbek named five professions that will be in demand in the future]. [Electronic resource]. – Available at: <https://kaz.elorda.info/aleumet/26195-saiasat-nurbek-bolashakta-suranysqa-ie-bolatyn-bes-mamandykty-atady/> (Accessed: 23.11.2022). [in Kazakh]
3. Mektepke dejingi tarbie men okytudy, bastauysh, negizgi orta zhane zhalpy orta bilimnin zhalpy bilim beretin ... attestattaudan otkizu qagidalary men sharttaryn bekitu turaly. Qazaqstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrinin 2016 zhylygy 27 qantardagy № 83 bujrygy. Qagidalar zhana redakciyada – KR Bilim zhane gylym ministrinin 12.11.2021. № 561 bujrygy [On approval of the principles and conditions of certification of pre-school education and training, primary, basic secondary and general secondary education. - Order No. 83 of January 27, 2016 of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Rules in the new edition - order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated 12.11.2021 No. 561.]. [Electronic resource]. – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317> (Accessed: 26.11.2022). [in Kazakh]
4. Reis-Jorge J.M. Developing teachers' knowledge and skills as researchers: a conceptual framework, *Asia-Pacific Journal of Teacher Education*, 33(3), 227-230 (2005).
5. Geerdink G., Boei F., Willemse M., Kools Q. et.al. Fostering teacher educators' professional development in research and in supervising student teachers' research, *Teachers and Teaching: theory and practice*, 22(8), 965-982 (2016).
6. Sherlya Gultom S., Daryanto E., Nasrunb. Management of Continuous Professional Development through Competency-Based Training Model for Junior High School Teachers, *Emerging Science Journal*, 7(1), 190-206 (2022).
7. Makarova L.N. Kriticheskoe myshlenie prepodavatelya i studenta: neïropedagogicheskie usloviya razvitiya, Al'manah teoreticheskikh i prikladnykh issledovaniï reklamy [Critical thinking of teacher and student: neuropedagogical conditions of development, Almanac of theoretical and applied research in advertising], 1, 8-26 (2015). [in Russian]
8. Zhurat Y., Lipshyts L., Soter M., Chumak L., Tarasenko H., Valchuk-Orkusha O., Melnyk I. Developing Professional Subjectivity in Future Primary School Teachers in the Context of a Neuropedagogical Approach, *Broad Research in Artificial Intelligence and Neuroscience*, 11(2), 64-81 (2020).
9. Karasievych S., Maksymchuk B., Kuzmenko V., Slyusarenko N., Romanyshyna O., Syvokhop E., Kolomiitseva O., Romanishyna L., Marionda I., Vykhreshch V., Oliinyk M., Kovalchuk A., Halaidiuk M., Maksymchuk I. Training Future Physical Education Teachers for Physical and Sports Activities: Neuropedagogical Approach, *Brain. Broad Research in Artificial Intelligence and Neuroscience*, 12(4), 543-564 (2021).
10. Rodríguez-Martín M., Vergara D., Rodríguez-González P. Simulation of a real call for research projects as activity to acquire research skills: Perception analysis of teacher candidates, *Sustainability (Switzerland)*, 12(18), 1-17 (2020).
11. Androutsos A., Brinia V. Developing and piloting a pedagogy for teaching innovation, collaboration, and co-creation in secondary education based on design thinking, digital transformation, and entrepreneurship, *Education Sciences*, 9(2), 1-11 (2019).
12. Bracha A., Shlomit B. Collaborative evaluation research: a case study of teachers' and academic researchers' teamwork in a secondary school, *Studies in Educational Evaluation*, 33(3-4), 229-257 (2007).

13. Fredricks J.A., Filsecker M., Lawson M.A. Student engagement, Context, And djustment: Addressing definitional, Measurement, And methodological issues, *Learning and Instruction*, 43, 1-41 (2016).

14. ZHogary zhane zhogary oku ornynan keiingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly. Kazakstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrinin 2022 zhylgy 20 shildedegi № 2 buirygy [On the approval of state general mandatory standards of higher and post-graduate education. Order No. 2 of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan dated July 20, 2022]. [Electronic resource]. – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (Accessed: 03.12.2022). [in Kazakh]

15. The Best Research Skills For Success. [Electronic resource]. – Available at: <https://www.zippia.com/advice/research-skills/> (Accessed: 18.12.2022).

16. Birt J. What Are Research Skills? Definition, Examples and Tips. [Electronic resource]. – Available at: <https://www.indeed.com/career-advice/career-development/research-skills> (Accessed: 28.12.2022).

17. Subahan T.M. et al. Measuring Graduate Students Research Skills, *Procedia - Social and Behavioral Sciences*, 60, 626-629 (2012).

18. Stokking K., Schaaf M., Jaspers J., Erkens G. Teachers' assessment of students' research skills, *British Educational Research Journal*, 30(1), 93-116 (2004).

19. Yilmaz E., Şahi M., Turgut M. Variables Affecting Student Motivation Based on Academic Publications *Journal of Education and Practice*, 8(12), 112-120 (2017).

20. Bandura A. Perceived self-efficacy in cognitive development and functioning. *Educational Psychologist*, 28, 117-148 (1993).

21. Molouda M. Gholam-Rezab A., Masooda S. Adaptation and validation of a critical thinking scale to measure the 3D critical thinking ability of EFL readers, *Language Testing in Asia*, 12(1), 48-61 (2022).

22. Finaa F., Anib R., Sunyoto E.N., Sigitb S. et. al. The scientific argumentative skill analysis reviewed from the science literacy aspect of pre-service teacher, *International Journal of Evaluation and Research in Education*, 11(4), 2129-2139 (2022).

23. Isaeva Z.I. Formirovanie issledovatel'skoj kompetentnosti budushchego uchitelya matematiki, *Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya* [Formation of research competence of a future mathematics teacher, *World of science, culture, education*]. 1(80), 167-169 (2020). [in Russian]

24. Heard J., Tucker T. Advanced Writing. Accelerated method for university students (Seoul National University, 2013, 135 p.).

25. Mehndroo M., Vandana Impact of motivation on academic achievement, *Elementary Education Online*, 19(4), 3316-3320. (2020).

26. Korkyt Ata atyndagy Kyzylorda universitetinin studenttik gylymi zhumystardyn respublikalyk konkursynyn I kezenin ujymdastyru zhane otkizu erezhesi, KRGZHBM [Rules for the organization and conduct of the 1st stage of the republican competition of student scientific works of Kyzylorda University named after Ata Korkyt]. [Electronic resource]. – Available at: <https://korkyt.kz/files/science/NIRS.pdf> (Accessed: 09.12.2022). [in Kazakh]

27. Universitettegі SGZZH ujymdastyru kurylymy, KazUU [Organizational structure of the University's SZZZ, KazNU]. [Electronic resource]. – Available at: <https://www.kaznu.kz/kz/19621/page/> (Accessed: 20.11.2022). [in Kazakh]

28. Gylymi zertteu instituty [Scientific Research Institute]. [Electronic resource]. – Available at: <https://enu.kz/gylym/gylymi-zertteu-institutu/nic-molodezh/> (Accessed: 12.12.2022). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Шеримова А.С. – Педагогика және психология мамандығының 2 курс докторанты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Әйтеке Би көшесі, 29А, Қызылорда қаласы, Қазақстан.

Sherimova A.S. – PhD student, Korkyt Ata Kyzylorda University, 29A Aiteke Bi Street, Kyzylorda, Kazakhstan.